

**"Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2010 жылғы 8 ақпандағы N 182 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы N 79 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 19 сәуірде N 2249 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2016 жылғы 28 қазандағы № 30 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 28.10.2016 № 30 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 5-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Тұрғын үй көмегін көрсету ережелерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2010 жылғы 8 ақпандағы № 182 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2010 жылғы 18 наурыздағы № 13-11-172 тіркелген, 2010 жылғы 16 сәуірдегі № 16 "Тайынша Таңы", 2010 жылғы 16 сәуірдегі № 16 "Тайыншинские вести" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тілдегі мәтін өзгермейді:

"Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы";  
шешімнің преамбуласы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабы 2-тармағына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қаулысымен бекітілген әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын

азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу Ережесінің 3, 4-тармақтарына, "Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекітілген тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінің 3-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**"

мемлекеттік тілдегі шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тілдегі мәтін өзгермейді:

"Қоса беріліп отырған тұрғын үй көмегін көрсету Қағидалары бекітілсін".

мемлекеттік тілдегі қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тілдегі мәтін өзгермейді:

"Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидалары".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*  
*Солтүстік Қазақстан облысы*  
*Тайынша ауданы*  
*мәслихатының хатшысы*

*Р. Бәтенов*

*Қ. Шәріпов*